

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 1 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/NIUS7438>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Беларусь)

Кудышева А. А.,

к.п.н., ассоц. профессор

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***Г. Т. Уразбаева¹, Н. П. Албытова²**

^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

ЖОО-НЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ КОНТЕКСТІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК

Аталған мақала «білім берудегі әлеуметтік серіктестік» түсінігін нақтылауға және университеттің инновациялық дамуы тұрғысынан әлеуметтік серіктестіктің негізгі сипаттамаларын анықтауға бағытталған.

Білім берудегі әлеуметтік серіктестіктің теориялық негіздерін зерттейтін ғалымдардың еңбектері теориялық-әдіснамалық база ретінде пайдаланылды. Мақалада «білім берудегі әлеуметтік серіктестік» ұғымын анықтауға арналған негізгі зерттеу тұғырларын жалпылау нәтижелері келтірілген. Білім берудегі әлеуметтік серіктестік белгілі бір мәселелерді шешуге бағытталған білім беру жүйесін дамыту бойынша барлық қоғамдық секторлардың өзара әрекеттесуінің ерекше түрі ретінде анықталады. Университеттердің инновациялық дамуына ықпал ететін әлеуметтік серіктестіктің негізгі сипаттамалары қатарына: ортақ мақсаттарға жету үшін ресурстардың әртүрлі түрлерін біріктіру; еңбек нарығында сұранысқа ие кадрларды кәсіби даярлауға арналған білім беру бағдарламаларын өзірлеу; бірлескен инновациялық құрылымдар үшін базаның болуы және т.б. атап өтілген.

Зерттеу нәтижелерін ескере отырып, мақалада университеттегі әлеуметтік серіктестікті дамыту бойынша ұсыныстар берілген: университет пен ұйымдар бірлесіп жүзеге асыратын студенттердің мақсатты даярлануын ұйымдастыру бойынша жүйелі жұмыстарды жүргізу; ЖОО-дағы бірлескен инновациялық құрылымдарды дамытудың қаржылық алғышарттарын қалыптастыру; ЖОО-ны студенттерін практикалық оқыту базасын кеңейту және т.б.

Кілтті сөздер: әлеуметтік серіктестік, университеттің инновациялық дамуы, әлеуметтік қатынастар, еңбек нарығы

институттары, студенттерді мақсатты даярлау, ЖОО-дағы бірлескен инновациялық құрылымдар, бәсекеге қабілеттілік, ресурстардың интеграциясы.

Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы ұлттық университеттердің өзекті міндеттерінің бірі-оқу процесі мен ғылыми зерттеулердің интеграциясын күшейту арқылы мамандарды инновациялық даярлау сапасын арттыру.

Әлеуметтік әріптестіктің негізгі міндеті білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыру, университеттің инновациялық қызметінің негізгі көрсеткіштерін жақсарту болып табылады.

Қазіргі заманғы университеттер ресми статистика шеңберінде шығатын еңбек нарығындағы үрдістер туралы қажетті жан-жақты ақпаратқа ие болуы тиіс. Әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру университеттерге жоғары білім және бизнес, үкімет пен әлеуметтік сектор өкілдері арасындағы диалогты қамтамасыз етуге көмектеседі. Әлеуметтік серіктестер университеттің білім беру мазмұнын жобалау кезінде еңбек нарығының қажеттіліктерін құрылымдай алады.

Жұмыс берушілер мен оқу орындары арасындағы сындарлы диалогты қамтамасыз ету үшін білім беру процесінің мазмұнын жобалау саласындағы бірлескен жұмысты ғана емес, сонымен қатар түлектерді бірлескен аттестаттауды, шарттар жүйесі негізінде кәсіби ынтымақтастық тетіктерін әзірлеуді көздейтін әлеуметтік әріптестік жүйесін құру талап етіледі.

Әлеуметтік серіктестердің ерікті өзара тиімді ынтымақтастығы қатысушылардың теңдігі, олардың өзара құрметі, міндеттемелерді өз еркімен қабылдауы, тараптардың жауапкершілігі кезінде мүмкін болады [1].

ЖОО әлеуметтік серіктестік жүйесін қалыптастыра отырып, білім беру қызметтерін тікелей және жанама тұтынушылардың барлық топтары үшін өзінің нарықтық тартымдылығын арттыруға қабілетті болады [2, 19 б.].

Осы мәселе бойынша әдебиеттерді зерттеу әлеуметтік серіктестік жағдайында жоғары кәсіптік білім берудің инновациялық дамуы әлеуметтік қажеттіліктерді үнемі бақылау, кәсіби дайындық мазмұнын өз уақытында жаңарту және білім беру, ғылыми-зерттеу мен практикалық қызметті интеграциялау әрі академиялық ұтқырлық арқылы қол жеткізілетінін көрсетеді [3].

Бұл мәселенің өзектілігі университеттің ғылыми-инновациялық және білім беру қызметін интеграциялау қажеттілігімен анықталады. Инновациялық ЖОО-да инновациялық ойлау қабілеті бар болашақ мамандарды кәсіптік даярлау жүзеге асырылады, сондай-ақ қызметтің

инновациялық өнімдерін жасау және оларды оқу процесіне енгізу үшін жағдайлар жасалады. Инновациялық қатынастар субъектілерінің ғылыми-инновациялық қызметі мен білім беру қызметін интеграциялаудың тәсілі ретінде әлеуметтік әріптестік қолданылады.

Зерттеудің міндеттері «Білім берудегі әлеуметтік серіктестік» ұғымын пәнаралық зерттеу, «білім берудегі әлеуметтік серіктестік» ұғымын нақтылау, сонымен қатар университеттің инновациялық дамуы тұрғысынан әлеуметтік серіктестіктің негізгі сипаттамаларын анықтау болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Теориялық-әдіснамалық база ретінде білім берудегі әлеуметтік серіктестіктің теориялық негіздерін зерттеуші ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Әдіснамалық тәсіл ретінде университеттердің инновациялық дамуына әсер ететін әлеуметтік әріптестіктің негізгі сипаттамаларының кешенін анықтаудан тұратын жүйелі тәсіл қолданылды.

Осы мақала аясында зерттеу нәтижелерін алу үшін келесідей әдістер қолданылды: зерттелетін мәселелер бойынша педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық әдебиеттерді талдау, қол жеткен нәтижелерді талдау, жүйелік талдау.

Нәтижелер мен талқылаулар

1 «Білім берудегі әлеуметтік серіктестік» ұғымын нақтылау.

«Әлеуметтік серіктестік» ұғымы қазіргі уақытта әртүрлі бағыттағы ғылыми зерттеулердің пәні болып табылады.

Осы мәселе бойынша әдебиеттерге жасалған теориялық талдау зерттеушілердің «университеттегі әлеуметтік серіктестік» категориясына әртүрлі анықтамалар бергендігін аңғартады. Негізгі зерттеу тәсілдерін жалпылау нәтижелері 1-кестеде келтірілген.

«Білім берудегі әлеуметтік серіктестік» ұғымының анықтамалары

Кесте 1

№	Ұғымының анықтамалары	Автор
1	Білім берудегі әлеуметтік серіктестік - елдегі білім беру жүйесін дамыту, білім берудің әртүрлі түрлері, соның ішінде өз бетімен білім алу үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша барлық қоғамдық секторлардың сындарлы өзара іс-қимылы	Гаврилова И. Н. [4, электрондық ресурс].
2	Білім беру жүйесіндегі әлеуметтік серіктестік - серіктестіктің барлық қатысушылары ортақ мақсаттарға қол жеткізуге және тиімділікке бағытталған білім беру ұйымдары мен әлеуметтік және кәсіби қатынастар субъектілері арасындағы ашық өзара іс-қимыл тегігі.	Прохорова М. П., Петровский А. М. [3, электрондық ресурс].

3	Әлеуметтік серіктестік - аймақтық университет кешендерін жобалаудың әлеуметтік-педагогикалық шарттары арасындағы негізгі интегралды детерминанттардың бірі.	Козырева Е. А. [5, с.7].
4	Білім берудегі әлеуметтік серіктестік ортақ міндеттерді шешу үшін ерікті өзара тиімді ынтымақтастық идеясын келесі тәсілдер арқылы таратады: қатысушылардың тең құқылығы, өзара сыйластық, нәтижеге мүдделілік; қызықтыратын мәселелерді талқылау еркіндігі, өзіне міндеттемелер қабылдау еріктілігі, жауапкершілік.	Цквитария Т.А. [1, с.3].
6	Білім берудегі әлеуметтік серіктестік-білім беру ұйымдарының еңбек нарығының субъектілерімен және институттарымен, мемлекеттік және жергілікті билік органдарымен, қоғамдық ұйымдармен осы процестің барлық қатысушыларының мүдделерін барынша үйлестіруге және іске асыруға бағытталған өзара әрекеттесуінің ерекше түрі.	Никитин М. В. [7,с.35].
7	Әлеуметтік серіктестік-қоғамның үш секторының: билік органдарының, бизнестің және коммерциялық емес қоғамдық ұйымдардың ерікті сындарлы өзара іс-қимылының үлгісі	Доценко И.Г. [8,с.61]

Авторлардың ғылыми көзқарастары негізінде құрастырылған: [2-8].

1-кестеден көріп отырғанымыздай, еліміздің авторлары «білім берудегі әлеуметтік серіктестік» ұғымын әр қырынан қарастырады. «Білім берудегі әлеуметтік серіктестік» ұғымының мәнін талдау білім берудегі әлеуметтік серіктестікті білім беру жүйесін дамыту бойынша міндеттерді шешуге бағытталған барлық қоғамдық секторлардың өзара іс-қимылының ерекше түрі ретінде анықтауға мүмкіндік береді:

– еңбек нарығында түлектердің кәсіби құзыреттеріне деген сұранысты қанағаттандыру мәселелері бойынша білім беру саласындағы барлық қатысушыларының мүдделерімен келісуді қамтамасыз ету;

– мынадай тәсілдемелер негізінде білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында серіктестіктің барлық қатысушыларының мүдделерін іске асыру: қатысушылардың тең құқылығы, өзара сыйластық, нәтижелерге мүдделілік, қызықтыратын мәселелерді талқылау еркіндігі, өзіне міндеттемелер алудағы еріктілігі, жауапкершілік.

2 Университеттердің инновациялық дамуына әсер ететін әлеуметтік серіктестіктің негізгі сипаттамалары.

Зерттеу тәсілдері бойынша жасалған талдау көрсеткендей, жоғары білім беру мекемелерінің инновациялық дамуы жоғары оқу орындары түлектерінің бәсекеге қабілеттілігі мен кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жоғары оқу орындарының

түбегейлі ұйымдастырушылық-құрылымдық және мазмұндық-білім беруде қайта құруға бағытталған мақсатты қызметті білдіреді [9].

Инновациялық жоғары оқу орнының ерекшелігі университет оқытушыларының білім беру және ғылыми қызметін интеграциялау болып табылады, оның негізінде инновациялық ойлай алатын болашақ мамандарды кәсіби даярлау жүзеге асырылады, сондай-ақ инновациялық технологияларды, қызмет өнімдерін жасау және оларды білім беру процесіне енгізу үшін жағдайлар жасалады. Әлеуметтік әріптестік инновациялық қатынастар субъектілерінің ғылыми-инновациялық қызметі мен білім беру қызметін интеграциялау тәсілі ретінде әрекет етеді.

Кәсіби жоғары білім берудің инновациялық дамуы тұрғысынан М. П. Прохорова, А. М. Петровскийдің зерттеу ұстанымы маңызды болып табылады, сәйкесінше әлеуметтік серіктестік кәсіби білім берудің инновациялық даму тетігі ретінде әлеуметтік серіктестік субъектілерінің ақпараттық, жобалық, ресурстық өзара іс-қимылы бағыттарында іске асырылады [3].

Жұмыс берушілер мен оқу орындары арасындағы сындарлы диалогты қамтамасыз ету үшін келісімшарттар жүйесі мен ЖОО-ға инвестициялар тетіктерін пысықтау негізінде әлеуметтік-инновациялық, ғылыми-зерттеу және кәсіби ынтымақтастықтың экономикалық тетіктерін әзірлеуді көздейтін әлеуметтік серіктестік тетіктерін құру талап етіледі [10].

Сондай-ақ университеттердің кәсіпорындармен, мемлекеттік органдармен, бизнес-құрылымдармен әлеуметтік серіктестігі жоғары оқу орнының бәсекелестік артықшылықтарын басқару жүйесінде маңызды орын алады.

Қазақстандық жоғары оқу орындарының инновациялық дамуының тиімділігі ғылымды, жоғары білім мен бизнесті кіріктіру нысандары мен тетіктерін кеңейтуге байланысты.

Шетелде білім беру, ғылым және бизнесті интеграциялау процесінің құрылымы зерттеу университеттерін, инновациялық кластерлерді, технопарктер мен технополистерді, бизнес-инкубаторларды, кластерлерді қамтиды.

Қазақстан Республикасында инновациялық процестерді дамытудың маңыздылығы инновациялық қызмет субъектілерін интеграциялау формаларын құру қажеттілігін айқындайды. Бұл жағдайда университеттің инновациялық жүйесінің жұмыс істеуіне ықпал ететін негізгі жағдайларды қамтамасыз ету қажет.

Зерттеушілердің тәсілдерін талдау негізінде [1, 3, 5, 10, 11] және мақалада алынған алғашқы ғылыми нәтижені ескере отырып, университеттердің инновациялық дамуына әсер ететін келесі сипаттамаларды ұсынуға болады:

- бірлескен қызмет туралы келісімдердің болуы;
- ортақ мақсаттарға жету үшін әр түрлі ресурстарды кіріктіру;
- еңбек нарығында сұранысқа ие кадрларды кәсіби даярлаудың білім беру бағдарламаларын әзірлеу;
- білім беру ресурстарын жетілдіру, оқу орындарының педагогикалық әлеуетін және қоғамның практикалық тәжірибесін интеграциялау;
- ЖОО мен ұйымның бірлесуі, студенттерді мақсатты даярлау;
- студенттерді практикалық даярлау үшін база құру;
- бірлескен инновациялық құрылымдар үшін базаның болуы;
- әлеуметтік әріптестіктің әрбір қатысушысының он әсер алуы;
- өзара қызмет көрсету (біліктілікті арттыру, ақпараттық қызметтер, консалтинг және сараптама).

Қазақстандық ұлттық университеттерде әлеуметтік серіктестікті тиімді дамыту университеттің инновациялық дамуына, жоғары оқу орнының сапалы білім беру қызметтерін ұсынуына ықпал ете алар еді.

Қазіргі заманғы университет аясындағы әлеуметтік серіктестіктің негізгі нәтижесі әлеуметтік серіктестер арасындағы төмендегідей бағыттағы қарым-қатынастар жүйесі болып табылады:

- білім беру қызметтерінің сапасын арттыру;
- материалдық-техникалық базаны нығайту;
- ЖОО-лардың инновациялық қызметін қаржылық қамтамасыз ету;
- болашақ мамандарды кәсіби даярлау мазмұнын жаңғырту;
- өзара ұтымды жобалық-зерттеу қызметі.

Қазақстанның қазіргі заманауи білім беру практикасында серіктестік қатынастар саласын кеңейтуге байланысты процестер жүріп жатыр. Түлектерді даярлау сапасына қойылатын талаптарды жан-жақты зерделеуді, құзыреттілікке бағдарланған білім беру бағдарламаларын әзірлеуді, жұмыс берушілердің түлектердің құзыреттілігін қалыптастыруға және білім алушыларды кәсіптік даярлау сапасын қорытынды бағалауға қатысуын көздейтін әлеуметтік серіктестік субъектілерінің ақпараттық өзара іс-қимылы маңызды рөл атқарады.

Мысалы, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде (Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ) білім берудің барлық деңгейлері бойынша білім беру бағдарламалары білім беру пәндерінің циклдері негізінде еңбек нарығына тиімді ықпалдасу және әсер ету үшін қажетті деп санайтын құзыреттердің қалыптасуына және оларды бағалауға арналған. Бұған жұмыс

берушілердің талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларын міндетті және элективті компоненттер мен осы пәндерді оқытуда қол жететін нәтижелерді қоса құрылымдау (жоспарлау) негізінде қол жеткізіледі [12, 10 б].

Жұмыс берушілер мен білім алушылар білім беру бағдарламаларын (ББ) әзірлеуге қатысады, өзгерістерді енгізу, университет қызметін бағалау мәселелері бойынша шешімдерді талқылауға және қабылдауға белсенді араласады. ББ мақсаттарына түзетулер жұмыс берушілердің талаптары бойынша ЕҰУ жұмыс берушілер кеңесінің басшылығымен жүзеге асырылады. Бітірушілерді даярлау сапасы туралы қажеттіліктер мен пікірлерді зерделеу үшін барлық мүдделі тараптардың (білім алушылар мен жұмыс беруші кәсіпорындардың) өкілдеріне сауалнама жүргізіледі [13].

Университет әлеуметтік зерттеулер мен сауалнама жүргізу арқылы стейкхолдерлермен үнемі кері байланыс орнатып отырады.

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің академиялық саясатында түлектердің жалпы құзыреттері мен олардың мақсатты бағыттары айқындалған [12]. Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ білім беру бағдарламаларын дамыту тұжырымдамасының негізгі міндеттері: білім, ғылым және өндірісті интеграциялау негізінде қолданыстағы ББ мазмұнын жаңарту; білім беру бағдарламаларының сапасын және ББ мен пәндер модульдерінің практикаға бағдарлануын арттыру үшін нақты экономика секторының жұмыс берушілерін тарту тетіктерін құру және т.б. Осы міндеттерді табысты іске асыру университеттің инновациялық дамуына ықпал етеді.

Қорытынды

Осылайша, ғалымдардың көзқарастарына теориялық талдау жүргізу нәтижесінде біз білім берудегі әлеуметтік серіктестіктің маңызды сипаттамаларын анықтадық. Біз «білім берудегі әлеуметтік серіктестік» ұғымын білім беру жүйесін дамыту бойынша барлық қоғамдық секторлардың өзара іс-қимылының ерекше түрі ретінде мынадай міндеттерді шешуге бағытталған деп ақтыладық: еңбек нарығында түлектердің кәсіби құзыреттеріне қойылатын сұранысты қанағаттандыру мәселелері бойынша білім беру саласындағы қатынастардың барлық қатысушыларының мүдделерін үйлестіруді қамтамасыз ету; мынадай тәсілдемелер негізінде білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында серіктестіктің барлық қатысушыларының мүдделерін іске асыру: қатысушылардың тең құқылығы, өзара сыйластық, нәтижелерге қызығушылық, қызығушылық тудыратын мәселелерді талқылау еркіндігі, міндеттемелерді өз еркімен қабылдау, жауапкершілік.

Қазіргі замандағы қазақстандық жоғары оқу орындарының түбегейлі өзгерістері жоғары оқу орындары түлектерінің бәсекеге қабілеттілігі мен кәсіби құзыреттілігінің жоғары дәрежесін қамтамасыз етуге бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтік серіктестік жоғары кәсіптік білім берудің инновациялық даму тетігі болып табылады. Мақалада көрсетілген әлеуметтік серіктестіктің негізгі сипаттамаларын есепке алу университеттердің инновациялық дамуын белсендіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелерін ескере отырып, біз университетте әлеуметтік серіктестікті дамыту үшін келесі ұсыныстарды тұжырымдаймыз:

1) университеттердің инновациялық даму мақсаттарына қол жеткізу үшін әлеуметтік серіктестік субъектілерінің ресурстардың әртүрлі түрлерінің (ақпараттық, жобалық, ресурстық) өзара іс-қимылын интеграциялауды қамтамасыз ету;

2) ЖОО студенттерін практикадан өту үшін базаны кеңейту;

3) ЖОО мен ұйым бірлесіп іске асыратын студенттерді мақсатты даярлауды ұйымдастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізу;

4) ЖОО-да бірлескен инновациялық құрылымдарды дамыту үшін қаржылық алғышарттар қалыптастыру;

5) әлеуметтік серіктестік субъектілерінің өзара іс-қимылын ұйымдастыру кезінде мынадай тәсілдерді ұстану: қатысушылардың тең құқылығы, өзара құрмет, нәтижеге мүдделілік, қызықтыратын мәселелерді талқылау еркіндігі, өзіне міндеттемелер қабылдау еріктілігі, жауапкершілік.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Цквитария, Т. А.** Социальное партнерство как фактор развития непрерывного образования // Интернет-журнал «Мир науки», 2018. – №4. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://mir-nauki.com/56pdmn418.html>.

2 **Ковцев, К. В.** Обеспечение конкурентоспособности образовательного учреждения высшего профессионального образования в условиях развития социального партнерства : автореферат дис. ... канд. эконом. наук : 08.00.05. – Санкт-Петербург, 2013. – 22 с.

3 **Прохорова, М. П., Петровский, А. М.** Социальное партнерство как механизм инновационного развития профессионального образования // Интернет-журнал «Наукovedение», 2015. – Т. 7. – № 5 [Электронный ресурс]. – <http://naukovedenie.ru/PDF/205PVN515.pdf>. – DOI: 10.15862/205PVN515.

4 **Гаврилова, И. Н.** Социальное партнерство и образование. – С. 226–247. [Электронный ресурс]. – http://www.civisbook.ru/files/File/4_.

5 **Козырева, Е. А.** Роль социального партнерства при проектировании регионального университетского комплекса профессионального образования: автореф. дис. ... канд. пед. наук : 13.00.08. – Ростов-на-Дону, 2018. – 27 с.

6 **Задорина, М. А.** Реализация социального партнерства в профессиональном образовании в Свердловской области [Текст] / М. А. Задорина, И. В. Тесленко // *Фундаментальные исследования*, 2015. – № 2–13. – С. 2895–2899.

7 **Никитин, М. В.** Модернизация управления развитием образовательных организаций: монография [Текст] / М. В. Никитин. – М., 2001. – 221 с.

8 **Доценко, И. Г.** Менеджмент, маркетинг в профессиональном образовании. Организация социального партнерства [Текст] / И. Г. Доценко [и др.]. – Екатеринбург : Изд-во Рос. гос. проф.-пед. ун-та, 2017. – 243 с.

9 **Кондрашова, О. И. Колонтаевская, И. Ф.** Зарубежный опыт инновационного развития вузов. // *Альманах современной науки и образования*, 2013. – № 11(78). – С. 91–93. [Электронный ресурс]. – www.gramota.net/materials/1/2013/11/24.html.

10 **Чванова, М. С., Храмова, М. В., Молчанов, А. А.** Социальное партнерство – один из механизмов совершенствования социально-инновационной деятельности вуза // *Образовательные технологии и общество*, 2012. – Т. 15. – № 2. – С. 581–601. [Электронный ресурс]. – <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnoe-partnerstvo-odin-iz-mehanizmov-sovershenstvovaniya-sotsialno-innovatsionnoy-deyatelnosti-vuza>.

11 **Ганиев, Э. Р.** Социальное партнерство в высшем профессиональном образовании: модели и формы реализации / Э. Р. Ганиев // *Соц.-гум. Знания*, 2010. – № 6. – С. 342–349.

12 Академическая политика Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева / Под общ.ред. Е. Б. Сыдыкова/ Разработчики: Молдажанова А. А., Нурмухаметов Н. Н. – Астана : изд-во ЕНУ им. Л. Н. Гумилева. – 2017 – 19 с.

13 Анализ данных опросов. ЕНУ имени Л. Н. Гумилева. [Электронный ресурс]. – <https://www.enu.kz/ru/karera/rezultaty-oprosov>.

REFERENCES

1 **Сквитариya, Т. А.** Social'noe partnerstvo kak faktor razvitiya nepreryvnogo obrazovaniya [Social partnership as a factor in the development of lifelong education] [Text]. *Internet-zhurnal «Mir nauki»*. – 2018. – № 4. – [Electronic resource]. – Retrieved from: <https://mir-nauki.com/PDF/56PDMN418.pdf>

2 **Kovcev, K. V.** Obespechenie konkurentosposobnosti obrazovatel'nogo uchrezhdeniya vysshego professional'nogo obrazovaniya v usloviyah razvitiya social'nogo partnerstva [Ensuring the competitiveness of an educational institution of higher professional education in the context of the development of social partnership] [Text] : Avtoreferat dis. ... kandidata ekonomicheskikh nauk : 08.00.05. – St. Petersburg, 2013. – 22 p.

3 **Prohorova, M. P., Petrovskij, A. M.** Social'noe partnerstvo kak mekhanizm innovacionnogo razvitiya professional'nogo obrazovaniya [Social partnership as a mechanism for innovative development of vocational education] [Text]. Internet-zhurnal «Naukovedenie» Vol. 7. – № 5. – 2015 [Electronic resource]. – Retrieved from: <http://naukovedenie.ru/PDF/205PVN515.pdf>. – DOI: 10.15862/205PVN515.

4 **Gavrilova, I. N.** Social'noe partnerstvo i obrazovanie [Social partnership and education] [Text]. – P. 226–247 [Electronic resource]. – Retrieved from http://www.civisbook.ru/files/File/4_.

5 **Kozyreva, E. A.** Rol' social'nogo partnerstva pri proektirovanii regional'nogo universitetskogo kompleksa professional'nogo obrazovaniya [The role of social partnership in the design of a regional university complex of vocational education] [Text] : Avtoref. dis. ... kand. ped. nauk : 13.00.08. – Rostov-na-Donu, 2018. – 27 p.

6 **Zadorina, M. A., Teslenko, I. V.** Realizaciya social'nogo partnerstva v professional'nom obrazovanii v Sverdlovskoj oblasti [Implementation of social partnership in vocational education in the Sverdlovsk region] [Text]. Fundamental'nye issledovaniya. – 2015. – № 2–13. – P. 2895–2899.

7 **Nikitin, M. V.** Modernization of development management of educational organizations: monograph [Modernization of development management of educational organizations: monograph] [Text]. – Moscow, 2001. – 221 p.

8 **Docenko, I. G.** Menedzhment, marketing v professional'nom obrazovanii. Organizaciya social'nogo partnerstva [Management, marketing in vocational education. Organization of social partnership] [Text]. – Ekaterinburg : Izd-vo Ros. gos. prof.-ped. un-ta, 2017. – 243 p.

9 **Kondrashova, O. I., Kolontaevskaya, I. F.** Zarubezhnyj opyt innovacionnogo razvitiya vuzov [Foreign experience of innovative development of universities] [Text]. Al'manah sovremennoj nauki i obrazovaniya. – 2013. – № 11(78). – P. 91–93. [Electronic resource]. – Retrieved from: www.gramota.net/materials/1/2013/11/24.html.

10 **Chvanova, M. S., Hramova, M. V., Molchanov, A. A.** Social'noe partnerstvo – odin iz mekhanizmov sovershenstvovaniya social'no-innovacionnoj deyatel'nosti vuza [Social partnership is one of the mechanisms for improving

the social and innovative activities of the university] [Text]. *Obrazovatel'nye tekhnologii i obshchestvo*. – 2012. – Vol. 15. – № 2. – P. 581–601. [Electronic resource]. – Retrieved from: <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnoe-partnerstvo-odin-iz-mehanizmov-sovshenstvovaniya-sotsialno-innovatsionnoy-deyatelnosti-vuza>.

11 **Ganiev, E. R.** Social'noe partnerstvo v vysshem professional'nom obrazovanii: modeli i formy realizacii [Social partnership is one of the mechanisms for improving the social and innovative activities of the university] [Text]. *Soc.-gum. znaniya*. – 2010. – № 6. – P. 342–349.

12 Akademicheskaya politika Evrazijskogo nacional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva [Academic policy of the L. N. Gumilyov] [Text]. Pod obshch. red. E.B. Sydykova / Razrabotchiki: Moldazhanova A.A., Nurmuhametov N.N. – Astana : izd-vo ENU im. L.N. Gumileva, 2017. – 19 p.

13 Analiz dannyh oprosov. ENU imeni L.N. Gumileva [Analysis of survey data. ENU named after L. N. Gumilyov] [Text] [Electronic resource]. – Retrieved from: [Oprosovhttps://www.enu.kz/ru/karera/rezultaty-oprosov](https://www.enu.kz/ru/karera/rezultaty-oprosov).

Материал 17.03.22 баспаға түсті.

*Г. Т. Уразбаева¹, Н. П. Албытова²

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Нур-Султан;
Материал поступил в редакцию 17.03.22.

СОЦИАЛЬНОЕ ПАРТНЕРСТВО В КОНТЕКСТЕ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ ВУЗА

Данная статья направлена на уточнение понятия «социальное партнерство в образовании», на выявление основных характеристик социального партнерства с точки зрения инновационного развития университета.

В качестве теоретико-методологической базы были использованы труды ученых, исследующих теоретические основы социального партнерства в образовании. В статье представлены результаты обобщения основных исследовательских подходов к определению понятия «социальное партнерство в образовании». Социальное партнерство в образовании определяется как особый тип взаимодействия всех общественных секторов по развитию системы образования, нацеленной на решение определенных

задач. Среди основных характеристик социального партнерства, влияющих на инновационное развитие университетов, выделены: интеграция различных видов ресурсов для достижения общих целей; разработка востребованных на рынке труда образовательных программ профессиональной подготовки кадров; наличие базы для совместных инновационных структур и др.

С учетом результатов исследования в статье определены рекомендации для развития социального партнерства в вузе: проведение системной работы по организации целевой подготовки студентов, реализуемой совместно вузом и организацией; формирование финансовых предпосылок для развития совместных инновационных структур в вузе; расширение базы для практического обучения студентов вуза и др.

Ключевые слова: социальное партнерство, инновационное развитие университета, социальные отношения, институты рынка труда, целевая подготовка студентов, совместные инновационные структуры в вузе, конкурентоспособность, интеграция ресурсов.

*G. T. Urazbayeva¹, N. P. Albytova²

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.

Material received on 17.03.22.

SOCIAL PARTNERSHIP IN THE CONTEXT OF INNOVATIVE DEVELOPMENT OF THE UNIVERSITY

This article is aimed at clarifying the concept of «social partnership in education», at identifying the main characteristics of social partnership from the point of view of innovative development of the university.

As a theoretical and methodological basis, the works of scientists studying the theoretical foundations of social partnership in education were used. The article presents the results of generalization of the main research approaches to the definition of the concept of «social partnership in education». Social partnership in education is defined as a special type of interaction between all public sectors for the development of the education system aimed at solving certain tasks. Among the main characteristics of social partnership that affect the innovative development of universities, the following are highlighted: integration of various types of resources to achieve common goals; design of educational programs for professional

training that are in demand on the labor market; the availability of a base for joint innovative structures, etc.

Considering the results of the research, the article defines recommendations for the development of social partnership at the university: carrying out systematic work on the organization of targeted training of students, implemented jointly by the university and the organization; forming financial prerequisites for the development of joint innovative structures at the university; expanding the base for practical training of university students, etc.

Keywords: social partnership, innovative development of the university, social relations, labor market institutions, targeted training of students, joint innovative structures at the university, competitiveness, integration of resources.

Теруге 17.03.2022 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,83 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,7.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3882

Сдано в набор 17.03.2022 г. Подписано в печать 31.03.2020 г.

Электронное издание

6,83 Мб RAM

Усл.п.л. 28,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3882

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

<https://vestnik-pedagogic.tou.edu.kz/>